«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
МКҚК №51«Жарқын бала» бөбекжай-балабақшасы

Ақтөбе қалалық білім бөлімінің
2026 жылғы «17» «08» №_____ бұйрығымен
«БЕКІТІЛДІ»

«Ойнайық та, ойлайық»

БАҒДАРЛАМАСЫ

(Ортаңғы тобы)

Ақтөбе қаласы
2026 жыл

Бағдарлама негізі: Ә.Наурызбайқызы, С.Мұхамедқызы, Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмаларды орындауға қалыптастырылып бағытталған.
Құрастырғандар: №51 «Жарқын бала» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі педагог-сарапшы Жекешева Рыскуль Аманжоловна,
педагог-модераор – Әбдіғалиева Гүлназ Үмбетқызы және тәрбиеші-Тастемир Балауса Араловна.

«Ойнайық та, ойлайық» атты бағдарламасы
№51«Жарқын бала» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңесі отырысында «Ойнайық та, ойлайық» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1 «25» 08 2026 ж

№51«Жарқын бала» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі: _____ К.Б.Кошмаганбетова

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Ойнайық та, ойлайық» атты бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 2 «31» 08 2026 ж.

Қалалық сараптау комиссиясы төрайымы: _____ Косымбаева М.О

Ақтөбе қаласы №51«Жарқын бала» МКҚК
бөбекжай-балабақшасының тәрбиешілері:
Әбдіғалиева Гүлназ Үмбетқызы мен Тастемирова Балауса Араловнаның
«Ойнайық та, ойлайық» атты бағдарламасына

ПІКІР

Ұсынылып отырған «Ойнайық та, ойлайық» атты бағдарламасы ортаңғы тобына арналған арнаулы курс бағдарламасы. Логикалық ойындар арқылы балалардың ойлау қабілетін дамытып, сұрақтарға дұрыс жауап беруге ықпал жасайтын бірден-бір себепші бағдарлама.

3 жас балаларының дүниетанымын кеңейтіп, математикалық ұғымдарды, белгілерді, санамақтарды, логикалық есептерді, салыстыруды осы бағдарлама арқылы жеткізуді жөн көрген.

Бағдарлама арқылы балалар сандардың цифрлық таңбасын меңгереді, геометриялық пішіндердің құрылымдық элементтері туралы білімдері бекиді, өрнектерді, оларды салыстыруды, есеп құрастыра білу шеберлігі артады, танграм ойны ережесін еске түсіріп, ойын арқылы шығармашылық қиялы дамиды. Сандарды үйрену арқылы математикалық ұғымдарға қызығушылығы артады. Бағдарламаның тағы бір ерекшелігі – тапсырмалардың мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сай құрылуы. Оқу барысында баланың шаршап қалмауына, қызығушылығының төмендемеуіне баса назар аударылып, әрбір тапсырма ойын, қимыл-қозғалыс, көрнекілік және практикалық әрекетпен ұштастырылған. Мұндай әдістер баланың белсенділігін арттырып, алған білімін күнделікті өмірде қолдануына мүмкіндік береді.

Бағдарлама аптасына 1 сағаттан жылына 36 сағатқа жоспарланған. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жан-жақты қамтылып, толық құрастырылған. Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде балалар санау, салыстыру, сәйкестендіру, топтастыру, геометриялық пішіндерді ажырату, қарапайым логикалық тапсырмаларды орындау, сұрақтарға жауап беру және өз ойын жеткізу дағдыларын меңгереді деп күтіледі. Сонымен қатар баланың дербестігі, тапқырлығы, зейіні, есте сақтау қабілеті және шығармашылық белсенділігі қалыптасады. Бағдарлама мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ортаңғы тобында қолдануға ұсынамын.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік униветситеті, педагогика ғылымдарының кондидаты, жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының қауымдастырылған профессоры _____ **М.Н.Есенғұлова**

«_____» _____ 20_____ ж.

Түсінік хат

Еліміздің үлкен тірегі болатын жас ұрпақтың терең білімді, жан-жақты дамыған, зерек тұлға болуы заман талабы.

Математика негіздері балалардың мүмкіндіктерін тереңдету, кеңейту мақсатында «Ойнайық та, ойлайық» атты бағдарламасы құрылды. Бағдарлама 3 жасар балалардың зейінін, логикалық ойлауын, есте сақтауын дамытып, ойын арқылы қарым-қатынас жасауды арттырып, математикалық білімдерін тереңдетеді.

Оқытудың әдіс-тәсілдері:

«Ойнайық та, ойлайық» оқу іс-әрекетінде ойын тапсырмалар, жұмбақтар, логикалық ойлауын дамытатын тапсырмалар қолданылады.

«Ойнайық та, ойлайық» атты бағдарламасы аптасына 1 сағаттан жылына 36 сағатқа жоспарланған, ұзақтығы 15-20 минут.

Мақсаты:

Математикалық білім мен ұғымда негізінде балалардың ақыл-ой қабілеттерін қалыптастыру.

Міндеттері:

Ақыл-ой әрекеттерінің тәсілдерін қалыптастыру: салыстыру, қорытындылау, талдау жасау, байланыстың себеп салдарын анықтау. Заттардың көлемі, пішіні, олардың кеңістікке қатынасын анықтауды дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Заттар мен құбылыстар белгілерін әр түрлі тәсілдер арқылы анықтай салыстыра алады.

Түрлі объектілердің пішініне, санына, көлеміне, кеңістікте орналасуына қатысты қарапайым байланысты ажырата алады

Бағдарлама тақырыптары

3-4 жас (мектепке дейінгі балалар үшін)

(Барлығы 36 сағат, аптасына 1 рет)

№	Тақырыптары	Сағат саны
	Ойлан тап	
1.	«Кім қайда тұрады?»	1
2.	«Ойлан тап»	1
3.	«Сиқырлы доптар»	1
4.	«Ойла да тап»	1
5.	«Мысықтың құйрығын табуға көмектес»	1
6.	«Үйшік»	1
7.	«Жасырын сандар»	1
8.	«Пішіндер әлемі»	1
9.	«Түрлі–түсті текшелер»	1
	Машамен саяхат	
10.	«Он қолымда бес саусақ»	1
11.	«Ағайынды жетеуміз»	1
12.	«Қай кезде болады?»	1
13.	«Қай сан жоқ?»	1
14.	«Машамен саяхат»	1
15.	«Дімбілмеске көмек бер»	1
16.	«Сандар әлеміне саяхат»	1
17.	«Көршісін тап»	1
18.	«Танграм ойынымен таныстыру»	1
19.	«Кім жылдам?» «Танграм» ойыны	1
	Сиқырлы дорба	
20.	«Ғажайып кейіпкерлер»	1
21.	«Сиқырлы дорба»	1
22.	«Ғарышқа саяхат»	1
23.	«Болашақ банкир»	1
24.	«Жасырын есептер»	1
25.	«Тілдер патшалығы»	1
26.	«Ойнайық та, ойлайық»	1
27.	«Терең ой»	1
28.	«Мультхикая елінде»	1
	Ойнайық та, ойлайық	
29.	«Әжемнің бауырсағы»	1
30.	«Санамақ»	1
31.	«Гүлдер әлемі»	1
32.	«Сандар сыры»	1
33.	«Дос болайық бәріміз»	1
34.	«Құм әлеміне саяхат»	1
35.	«Білімпаз» білімдер сайысы	1
36.	«Математика аралы»	1
	Барлығы:	36

Бағдарлама мазмұны
(Ортаңғы топ)

1. **«Кім қайда тұрады?»** Дидактикалық ойындар тапсырмалар арқылы пішіндер туралы білімдерін қалыптастыру.Есте сақтау, шығармашылық қиялын дамыту.Ептілікке, икемділікке тәрбиелеу.
2. **«Ойлан тап»** Балалардың бұрыш туралы білімін қалыптастыру. Геометриялық пішіндердің құрылымдық элементтері туралы білімдерін бекіту, бұрыштарын санап анықтай білу. Балаларды адал, әділетті,болуға тәрбиелеу.
3. **«Сиқырлы доптар»** Доптың түсін, пішінін ажыратуға үйрету. Түстері бойынша топтастыруға баулу.Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
4. **«Ойла да тап»** Заттарды салыстыру дағдыларын жетілдіру.Картачкалармен жұмыс істей білуге үйрету.Шапшандыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.
5. **«Мысықтың құйрығын табуға көмектес»** Таныс ертегі бойынша балаларға оң жақ,сол жақ,жоғары-төмен,жуан-жіңішке ұғымдар туралы білімдерін бекіту. Кеңістікті дұрыс бағдарлай білуін қадағалау, көрсетілген бағыт бойынша қозғалу,жүріп келе жатып бағытты өзгерте білу. Достыққа тәрбиелеу.
6. **«Үйшік»** Ертегі арқылы тапсырмаларды орындау. Түстерді ажырата білу, геометриялық пішіндерді салыстыру, санау.
   Ойын есептер туралы білімдерін тиянақтау. Тапқырлыққа тәрбиелеу.
7. **«Жасырын сандар»** Балаларға сандар туралы ұғымды үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыру. Ұқыпты зейін қоя тыңдауға, шығармашылыққа тәрбиелеу.
8. **«Пішіндер әлемі»** Геометриялық пішіндер ұғымдарын ойын арқылы терендету.Айналаны қоршаған ортада оларға ұқсас заттар көп екеніне балалардың көңілін аудару.Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.
9. **«Түрлі–түсті текшелер»** Түстерді ажырата білу,текшелер арқылы тапсырмаларды орындай білу.Ойлау қабілетін, білімдерін дамыту. Өз бетімен еңбектене білуге тәрбиелеу.
10. **«Он қолымда бес саусақ»** 1-5 дейін сандардың цифрлық таңбасы туралы білімдерін пысықтау. Саусақпен есептер шығару. Дидактикалық , логикалық ойындар ойнап байқағыштыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.
11. **«Ағайынды жетеуміз»** Ойын арқылы апта күндерін ретімен айта білуге үйрету. Таң, күн, кеш, түн деген уақыт мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Апта күндері туралы санамақ жаттау. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Достыққа тәрбиелеу.
12. **«Қай кезде болады?»** Балаларға жыл мезгілдері жайлы дидактикалық ойындар арқылы пысықтау.Сурет арқылы ойындар ұйымдастыру,

танымдылық белсенділігін дамыту.Табиғатты қорғауда экологиялық тәрбие беру.

13. **«Қай сан жоқ?»** Сандарды есте сақтап атауға үйрету. Өйлау қабілетін дамытып,өйдан тапсырмалар шығару. Тапқырлыққа,шапшандыққа тәрбиелеу.
14. **«Машамен саяхат»** Ойын арқылы тура-кері санауға үйрету. Үлестірмелі құралдармен жұмыс істей білуге үйрету. Өрнек құрастыруда шеберлікке баулу.Тапсырмаларды орындап балалардың белсенді қызығушылығын қалыптастыру.Шапшаңдыққа,ойшыл болуға тәрбиелеу.
15. **«Дімбілмеске көмек бер»** 5 көлемінде сан мен санды,сан мен өрнекті,өрнек пен өрнекті салыстыру дағдыжұмыс істей білуге үйрету.Есептер құрастыруда шеберлікке баулу.Шапшаңдыққа тәрбиелеу.
16. **«Сандар әлеміне саяхат»** 5 сан көлемінде санап, өрнек құрастыра білуге, заттарды санына қарай салыстыра білуге жаттықтыру, сан құрамын меңгеруді жалғастыру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Байқағыштыққа тәрбиелеу.
17. **«Көршісін тап»** Сандарды 5-ке дейінгі ажырата білу. Қасында жоқ көршісін табуға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.
18. **«Танграм ойынымен таныстыру»** Танграм – қытай ойынымен таныстыру. Әрбір құрастырылатын бейне ойының барлық жеті фигурасымен құрастырылуы тиіс, яғни жетіден аз таспен құрастырылған бейне Танграм ойыны болып есептелмейтінін түсіндіру. Белгілі бір қатынаста кесілген 7 әртүрлі фигуралар арқылы алдын ала білетін немесе жаңадан ойлап қалаған бейненің кескінін келтіре білуге үйрету. Ептілікке, икемділікке тәрбиелеу.
19. **«Кім жылдам?»** Берілген тарнграм ойындарын құрастра білуге үйрету. Танграм ұғымын бекіту. Жалдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.
20. **«Ғажайып кейіпкерлер»** Танграм ойыны туралы білімдерін пысықтау. Ойын ережесін естеріне түсіру, Танграм ойыны арқылы ертегі құрастыруға үйрету. Балалардың шығармашылық қиялын дамыту. Ойшыл болуға тәрбиелеу.
21. **«Сиқырлы дорба»** Ойдан есеп құрастыруға үйрету.Ойларын ауызша жүйелеп жеткізуге дағдыландыру,сөздік қорын молайту.Қоршаған ортаға жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.
22. **«Ғарышқа саяхат»** Санау тәсілдерін нығайту, математикалық есептерді шығара білу. Сызғыштың көмегімен дұрыс өлшей білуді үйрету. Зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Сабаққа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, шығармашылыққа тәрбиелеу.
23. **«Болашақ банкир»** «Банк» ұғымын қалыптастыру. Банктің атқаратың қызметі, жұмысшылары туралы мәлемет беру. Ақша,теңге,рубль,даллармен таныстыру,оларды ажырата білуге үйрету.Теңгедегі бабалар өмірінен

мағлұмат беру. Ойлау қабілеттерін арттыру.Байқағыштыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

24.**«Жасырын есептер»** Балаларды жұмбақ есептің шартын дұрыс тыңдап оның жауабын ойлана жауап беруге үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Ұқыпты зейін қоя тыңдауға тәрбиелеу.

25.**«Тілдер патшалығы»** Математикалық білімдерін көрсете білуге үйрету. (1-5 сандар, пішіндер, түстер). Балалар арасында топтық және ұжымдық дағдыларың қалыптастыру. Достыққа тәрбиелеу.

26.**«Ойнайық та, ойлайық»** Д/ойын арқылы сандарды қайталау, ажырата білу.Сан туралы білімдерін толықтыру, оларды пайдалана білуді үйрету. Балалардың қиял елесін дамыту. Ойшыл болуға тәрбиелеу.

27. **«Терең ой»** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, қиялдарын дамыту. Салыстыру арқылы тапсырманы орындай білуге үйрету. Шапшандыққа, ойшыл болуға тәрбиелеу.

28.**«Мультхикая елінде»** Қазіргі заман мультхикаяларын естеріне түсіріп, олардың кейіпкерлері арқылы тура-кері санауға, есептер құрастыруға, салыстыруға үйрету. Балалардың шығармашылық қабілетін арттыру. Іздемпаздыққа тәрбиелеу.

29.**«Әжемнің бауырсағы»** Бауырсақ туралы ұғымдарын кеңейту. Пішіндері бойынша ажырату, санау. Үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

30.**«Санамақ»** Балаларды санамақтар айтуға үйрету. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Садар туралы білімдерін пысықтау. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

31.**«Гүлдер әлемі»** Үлестірмелі құралмен жұмыс. Заттарды топқа бөлуге, салыстыруға, санауға үйрету.Танымдық қабілеттерін жетілдіру.Тапсырманы шапшан орындауға, жинақылыққа тәрбиелеу

32.**«Сандар сыры»** Бірлік, ондық сандарды ажырата білу, оқу, жазу және салыстырумен байланысты білімдерін тиянақтау. Есеп шығару дағдыларын дамыту. Іскерлікке тәрбиелеу.

33.**«Дос болайық бәріміз»** Балаларға ертегі арқылы бүтін затты тең екі және төрт бөлікке бөлуді үйрету. Үлестірмелі құралдар арқылы тапсырмалар орындату. Ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

34.**«Құм әлеміне саяхат»** Құм терапия арқылы сандарды ажырата білуге, өрнек құрастыруға, математикалық таңбаларды қолдана білуге үйрету. Саусақ маторикасын дамыту, шеберлікке баулу. Достыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу.

35.**«Білімпаз»** білімдер сайысы Балалардың оқу іс-әрекетте алған білімдерін жүйелеу, пысықтау. Өзін - өзі бақылауға, өзбетімен жұмыс істеуге дағдыландыру. Білімге деген қызығушылығын және белсенділігін арттыру,

логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Тапқырлыққа,шапшандыққа тәрбиелеу.

36. **«Математика аралы»** Жыл бойы алған білімдерін көрсете білуге үйрету. Баланың математикаға деген қызығушылығын арттыру. Өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Негізгі әдебиеттер

1. Ә.Наурызбайқызы, С.Мұхамедқызы, Математикадан дидактикалық ойындар дәне қызықты тапсырмалар, Алматы, «Рауан», 1994ж.

2. Қосымша әдебиеттер

1. А.Е.Әбілқасымова, С.Қ.Төлеубаева, Математика сабағында ұлттық ойын, түрлі жанрларды қолдану, Астана, 2005ж.

2. А.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, Алматыкітап баспасы, 2012ж.

3. А.М.Леушина, Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі, Алматы, 1987ж.

4. Ұ.Жұмаділдаева, Сандарға саяхат, Алматы, 1997ж.

5. «Қызықты математика» Джанабердиев С.А. – Алматы Әрекет-П, 2009ж.

6. М.Сәтімбекова, Санауды үйренейік, Алматы «Рауан», 1971ж.

7. Ә.Алдабергенов, Ойнай біл, ойлай біл, Алматы, 2009ж.

8. Л.С.Метлина, ФЭМП, М.Просвещение, 1988

9. Б.П.Никитина, Развивающие игры, Москва, «Педагогико», 1981ж.

10. Мектепке дейінгі білім журналы, 2011, №4«Сен білесің бе?» энциклопедиясы